
ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2026 г.


12 408
МЛРД ТГ.




ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 102,3%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 97,3%

$ 8,7 МЛРД




ЭКСПОРТ



РЫНОК


$ 1,8 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за **январь-июнь 2026** г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2026 Г., МЛРД ТЕНГЕ



АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

2026 жылғы қаңтар-шілде айларында **ҚР тау-кен металлургия кешеніндегі (ТМК)** өндіріс көлемі 12,4 трлн теңгені құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда құндық мәнде 29,0%-ға жоғары. Металлургия өнеркәсібінің құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 6 376,8 млрд теңге, қара металлургиядағы өндіріс көлемі 1 661,6 млрд теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті металл кендерін өндіру құрайды – 4 016,7 млрд теңге және қалған бөлігі темір кендерін өндіруге тиесілі – 333,1 млрд теңге.

«Металл кендерін өндіру» бойынша НКИ 2026 жылғы қаңтар-шілде айларында 102,3%-ды құрады. Бұл ретте **«темір кендерін өндіру» бойынша НКИ** 97,4%-ды құрады. Төмендеу **темір кендерін өндіру НКИ-нің (96,2%)** төмендеуіне байланысты.

«Түсті металл кендерін өндіру» бойынша НКИ 102,7%-ды құрады. НКИ-дің ұлғаюы **құрамында алтыны бар кендерді өндірудің (110,9%)** артуына байланысты.

«Металлургиялық өндіріс» бойынша НКИ 2026 жылғы қаңтар-шілде айларында 97,3%-ды құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 95,4%-ды құрады. Өндірістегі НКИ-дің төмендеуі **өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі алтын (91,3%), аффинаждалған алтын (88,2%), өңделмеген алюминий (глинозем) (87,6%), өңделмеген мырыш (86,7%)** және басқа да өнім түрлерінің өндірісінің төмендеуіне байланысты.

Қара металлургиядағы НКИ 101,1%-ды құрады. Қара металлургиядағы НКИ-дің ұлғаюы **өңделетін шойын өндірісінің (104,6%), тазартылмаған болаттың (104,1%), қоспаланбаған болаттан жасалған өзектер мен шыбықтардың (110,5%), әртүрлі диаметрлі болат құбырлар мен қуыс профильдердің (130,40%) және қоспаланбаған болаттан жасалған профильдер мен бұрыштықтардың (100,5%)** өндірісінің ұлғаюына байланысты.

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында металлургия өнімдерінің экспорты 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26,7%-ға артып, 8 660,2 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 2 236,6 млн АҚШ доллары (+7,2% 2025 жылғы қаңтар-маусым айларына), түсті металлургия өнімдері – 6 423,6 млн АҚШ доллары (+35,3% 2025 жылғы қаңтар-маусым айларына).

Металлургия өнімдері экспортының құндық құрылымында құндық көрсеткіштер бойынша негізгі көлем мысқа (тауардың жалпы экспорт көлеміндегі үлесі – 32,5%), ферроқорытпаларға (12,7%), күміске (9,0%), жалпақ илекке (9,0%), мырышқа (3,2%), алюминийге (3,0%), болат шыбықтарға (1,9%) және басқа да өнімдерге тиесілі. Металлургия өнімдері экспортының 26,7%-ға оң динамикасына сыртқы сұраныстың

артуы, сондай-ақ күміс (+2,4 есе), мыс (+57,7%), қорғасын (+13,8%) және басқа да өнімдерді жеткізу көлемінің ұлғаюы себеп болды.
2026 жылғы қаңтар-маусым айларында ҚР металлургия өнімдерінің негізгі өткізу нарықтары Қытай (29,7%), Түркия (21%), Ресей (14,3%), Ұлыбритания (7,6%) болды.

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында металлургия өнімдерінің импорты 2025 жылдың қаңтар-маусым айларымен салыстырғанда 9,0%-ға артып, 1 825,3 млн АҚШ долларын құрады. Бұл ретте қара металлургия өнімдерінің импорты 2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 4,3%-ға төмендеп, 1 360,8 млн АҚШ долларын құрады, ал түсті металлургия өнімдерінің импорты 1,8 есеге артып, 464,6 млн АҚШ долларын құрады.

2026 жылғы қаңтар-маусым айларындағы металлургия өнімдері импортының құндық құрылымында: жалпақ илек (17,1%), болат шыбықтар (15,2%), дәнекерленген құбырлар (10,3%), жіксіз құбырлар (8,9%), болат дайындамалары (7,8%), рельстер (1,1%) және басқа да өнімдер басым.

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында ҚР-ға металлургия өнімдерін негізгі жеткізушілер Ресей (68,7%), Қытай (22,2%) және Италия (1,4%) болды.
2026 жылғы қаңтар-маусым айларында ҚР металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 7,6 млрд АҚШ долларын құрады, оның ішінде отандық тауар өндірушілердің үлесі 76,0%-ды, импорттық өнімдердің үлесі 24,0%-ды құрады.

Сала төрт өңірде жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді: Астана қаласы, Қарағанды облысы, Шығыс Қазақстан облысы және Павлодар облысы. 2026 жылғы қаңтар-шілде айларында ҚР металлургия өндірісінің құрылымында Астана қаласының үлесі – 19,3%, Қарағанды облысының – 17,6%, Шығыс Қазақстан облысының – 15,4%, Павлодар облысының – 11,0%.